

Мұнай өнеркәсібі мемлекеттік ғылыми-зерттеу және жобалау институтын Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 қаңтар N 138

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Маңғыстау облысы әкімінің Мұнай өнеркәсібі мемлекеттік ғылыми-зерттеу және жобалау институтын (бұдан әрі - Институт) Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігі Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Институтты заңдардың талаптарына сәйкес республикалық меншіктен Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Маңғыстау облысының әкімі осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қолдансын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Оқығандар:
Орынбекова Д.К.
Қасымбеков Б.А.